



100 ЕГДЕН QАЗАҚСТАН

Ар ілімі һем арылу

Лев Толстой атақты «Арылу» (Воскресение) романында кезінде жігіттік желіктің жетегінде кеткен жас бекзаданың күнәдан арылып, сол арқылы кісілік кемелдікке жетуінің кезеңдерін керемет суреттейді. Романда арына дақ тұсірген Маслованың алдында ақталудан бастап, қоғамның шынайы кейіпімен һем өзінің ішкі жан дүниесімен бетпе-бет келіп, арпалысу арқылы арылған, тұлғалық толысадың сатыларынан сүрінбей өткен Нехлюдовтың талайлы тағдыры арқылы Абайша айтқанда «толық адамға» айналған Толстойдың өзін көргендейміз. Сондықтан бұл шығарма бізге ұлы жазушының басты туындысы болып көрінеді.

«Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой» деп жырға қосқан сүйікті қаламгерінің 1899 жылы жарық көрген бұл романын Абайдың оқып-оқымағаны бізге белгісіз. Бізге белгілісі, ақыл азабын арқалап, жүрегінің түбіне терең бойлап, «әділет пен ақылға, санатып көрген-білгенің» ақынның ар таразысы арқылы арылып, «айнымайтын асыл адамға» айналғаны. «Іштегі кірді қашырса, адамның хикмет кеудесі» деп адам баласының хұсни сипаты, жауһар қазынасы таза жүрегінде екенін әйгілеген ойшылдың ар ілімін бір ғана қайнардан алмағаны тағы анық, ол «жаным – арымның садақасы» деген халық даналығына, кәміл адамды ардақтаған исламның терең ірімдеріне және батыстың біліміне үндестікпен үціліп тапқан ақиқаты! Мұны Абайдың өмір жолынан да, шығармашылық арқауының өне бойынан да айқын аңғаруға болады. Әуелі бозбала боп, кейін билікке араласып, сосын түңіліп, тіпті терең тығырыққа тіреліп, елінің өртеңіне күмәнмен қараған ол ақыры ақиқатын табады, ар ілімімен арылып, ағартушылық жолға түседі. Сол арқылы ауылдың аумағынан шығып, адамзаттық ауқымдағы ақылман атанады. Мұндайда Алаштың сөзін түзеткен, өзін күзеткен данышпанның «Қазакқа күзетші болайын деп, біз де ел болып, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» дегені еске түседі.

Арылу – пенделік күнәдан тазару, ағару, жаңару ғана емес, ол – мейлінше мінсіз кемел кісілік қалыпқа жақындау. Сондықтан ол сәт сайын, үздіксіз жүретін құбылыс. Шыңғыс Айтматов «Адамға ең қыны – күн сайын адам боп қалу» дегенде, осыны мензесе керек.

Абай адамдық арылуды һем кісілік кемелдікті «бенделіктің кәмалаты» десе, қоғамның, адамзаттың арылуын да «қинсанияттың кәмалаттығы» деп белгілеген екен. Сондықтан, кез келген қоғамның жекелеген адамдардан тұратының ескерсек, қоғам да арылуы тиіс! Мәселен, деколонизация журмеген, социалистік формациядан арылмаған, керісінше, «жабайы капитализм» тұсында жат қылыштарды жамап алған қоғамды «арылған, тазарған» деп айтуға бола ма? Әл-Фараби бабамыз «адамның дene мүшесі ауру болса дәрігер емдейді, ал қоғамның жан дүниесіне түскен сырқат орасан кеселді болады дегенді» ескерткен екен. Қоғамның сырқатынан айықтырып, арылуға бастайтындар зиялды қауым екені белгілі. Ал біз, ар жүгін арқалаған зиялды қауым өкілдері – өзіміз толық арыла білдік пе? Абай айтқан «ыстық

қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» сияқты адамдық қасиеті бар, өзін зиялы санайтын әрбір азаматты толғандырар мәселе осы болса керек.

Бұл тұрғыдан алғанда, жадыны жаңғыртып, сананы сілкініске, қоғамды арылуға бастайтын «Рухани жаңғыру» сынды бағдарламаның жүртшылыққа берері көп екені анық. Ел газеті «Егемен Qazaqstanda» жарық көрген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасыр» деген мақаласы бізге осы бағдарламаның заңды жалғасындей көрінді.

Ұлы Абайдың осы «толық адам» тұжырымын мемлекеттік деңгейде ұлт өміріне қолданатын өміршең концепцияға айналдыруға болатыны туралы көшелі ой айтқан Қасым-Жомарт Кемелұлы ойшылдың мұрасынан тағылым алуға шақырады. «...Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруы тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талаң етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғансақ та талай жайға қаныға аламыз. Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз», дейді Қазақстан Президенті. Рас сөз!

Ендеше, Абай жылы – ар ілімі салтанат құрған арылуға бастайды деп сенеміз!

Дархан Қыдырәлі